музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға, шығармашылық қызығушылықты қалыптастыруда топ тәрбиешілері әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері мен бастыру, алақан, саусақпен сурет салу бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, кеңінен қолданылды. Балаларды музыкалық шығармашылыққа баулу «Бесік жыры» «Күз келді», «Қошақаным» «Әк әжем» т.б әндерді тыңдату арқылы да жүргізіледі. Музыкалық шығармалардың (баяу және көңілді) әндер ажыратады, ән мағынасын түсінеді, музыкасы сипатына сәйкес қозғалады. Музыкалық аспаптарды атайды, ересектермен бірге ән айтуға ынта білдіреді. Мүсіндеу кезінде техникалық дағдыларды біледі және қолдана алады. Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекеті базалық мазмұны жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру.

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық үйлесімділікті дамыту. Денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып, балалардың қимылдық белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларының қызығушылығын қалыптастыру болғандықтан әр кезеңде өсу деңгейі байқалады. Оқу жылында балалардың қозғалыс қызметіндегі қызығушылықтарын спорттық-сауықтыру белсенділіктерін қалыптастыру болғандықтан педагогтар нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізуде. Негізгі қимыл түрлерінің дағдыларын, мәдени гигиеналық дағдыларын, салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру әр іс-әрекетте жүзеге асырылады. Жыл соңында тәрбиеленушілер дене жаттығуларын орындай алады, бір-бірден жүріп, шашырап, шеңберге қайта тұрады, саптағы өз орнын табады. Жаттығулардың орындалу ретін сақтайды. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктеріне ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады. Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауыз екі сөйлеуін дамыту, әдеби тілде дұрыс сөйлеуді үйрету, сөз өнеріне баулу- тәрбиешілердің басты мақсаты. Мемлекеттік тілді меңгертуде балаларды оқу қызметінен бөлек түрлі іс-шараларға қатыстырады, ата-аналармен бірлескен жұмыстарда да балалардың тілді меңгеруі көзделеді. Тәрбиешілер оқу іс-әрекетіндегі тақырыптарда ауызекі талдау жасауды, өзінің пікірін жеткізуге сөз мағынасын толық түсінуіне және жеткізе білуіне тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жасауды ұйымдастыра отырып, саусақ жаттығуларын үйретіп, осы жұмыс арқылы

ұсақ моторикасын жетілдіру, сөздік қорын молайтуда жұмыстар атқарады, театр түрлерін пайдаланып «Ертегілер елінде» жеке ертегілер желісімен сахналық қойылымдар қойып, тәрбиеленушілерге қуаныш сыйлай білді. Балалар сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сөйлеу қарқыны, интонацияны сақтайды. Тілдегі барлық дыбыстарды анық айтады, қысқа әңгімелерді және ертегілерді мазмұндайды, заттар мен құбылыстардың белгілері мен сапасын ажыратады. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Шығарма жанрларын такпақ, ертегі, әңгіме ажырата алады. Өлеңдерді эмоционалды түрде жатқа айтады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асады. Балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыруда оларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру арқылы, таныс заттарды ажыратуға үйрету жұмыстары жоспар бойынша жүргізіледі. Қазақстанның халық ауыз әдебиеті шығармашылығын қолдану арқылы Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті, ересектерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде, серуенде, режимдік сәттердің қолайлы кезеңдерінде жүргізіледі. Отбасы мүшелері туралы әңгімелейді, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіреді, айналасындағы заттардың міндеттерін біледі, ересектерге көмектесуге ынта білдіреді. Табиғаттың сипаттық маусымдық өзгерістерін анықтайды және атайды. Табиғат бұрышының тіршілік иелеріне қамқорлық танытады, аулада жаздың күндерінде ересектерге гүлзарларда көмектеседі.

2) тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы:

мектепалды сынып тәрбиеленушілердің денсаулығын, психикасын, қызығушылықтарын қорғау мақсатында базистік оқу жоспарымен қамтамасыз етілген оқу жүктемесінің барынша мөлшері сақталған. Базистік оқу жоспарыны мектепке дейінгі білім берудің МЖМС талаптарына сай жоспарланған. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі баланың жас ерекшеліктеріне, денсаулық мүмкіндіктері есебінен құрылған, балалардың күнделікті өмірде өзара байланысын қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартына және балаларды тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық-педагогикалық негізіне қойылған талаптарға сай жұмыс жасайды. Жұмыстық оқу жоспарларындағы оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. Білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығын, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына», ҚРБҒМ 20.12.2012 жылғы № 557 бұйрығының және 12.05.2020 жылдың № 195

бұйрығының 1- қосымшасы, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары», 2018 жылдың 30 қазанындағы №595 бұйрығын, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына сүйене отырып, оқу жоспары жасалды. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің «Коронавирусының таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығының 1-қосымшасы, Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №557 бұйрығының 1 қосымшасына сүйене отырып, жас ерекшеліктеріне қарай топтың оқу жоспары дайындалды.

2022-2023 оқу жылында мектепалды сыныптарының даму мониторингінің (қорытынды) нәтижесі бойынша мониторингке қатысқан оқушы саны: 20 тәрбиеленуші. Жоғары деңгейдегі балалар үлесі -45%, орташа деңгейдегі балалар үлесі-45 %, төменгі деңгейдегі балалар үлесі-10% құрады.

2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныптарының даму мониторингінің (қорытынды) нәтижесі бойынша мониторингке қатысқан оқушы саны: 12 тәрбиеленуші. Жоғары деңгейдегі балалар үлесі -67%, орташа деңгейдегі балалар үлесі-25 %, төменгі деңгейдегі балалар үлесі-8% құрады.

2024-2025 оқу жылында мектепалды сыныптарының даму мониторингінің (бастапқы) нәтижесі бойынша мониторингке қатысқан оқушы саны: 29 тәрбиеленуші. Жоғары деңгейдегі балалар үлесі -20%, орташа деңгейдегі балалар үлесі-50%, төменгі деңгейдегі балалар үлесі-30% құрады. Мектепалды сыныптарының даму мониторингінің (аралық) нәтижесі бойынша мониторингке қатысқан оқушы саны: 26 тәрбиеленуші. Жоғары деңгейдегі балалар үлесі -23,63%, орташа деңгейдегі балалар үлесі-47,27%, төменгі деңгейдегі балалар үлесі-29,06% құрады.

3) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдауы (қорытынды):

2022-2023 оқу жылында даму мониторингінің (бастапқы) нәтижесі бойынша мониторингке қатысқан оқушы саны: 21 оқушы. Жоғары деңгейдегі балалар үлесі -29%, орташа деңгейдегі балалар үлесі-29%, төменгі деңгейдегі балалар үлесі-43% құрады. Нәтижесі: Республикалық «Мақатаев оқулары»- конкурсын қатысып, жүлделі I орынға ие болғаны үшін Қалдыбек Думан, Шеңгелбай Хадиша, Дүйсен Досым, Дархан Ұлмерей, Жалдыбай Нұржігіт және Жұмағұл Гүлсезім марапатталса, жүлделі II орынмен Асқанбай Даулет, Күмісбек Інжу, Мешітбай Асылым, Мұханбетжан Нұрасыл, Өмірзақ Еркеқыз марапатталды.

2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныптарының даму мониторингінің (қорытынды) нәтижесі бойынша мониторингке қатысқан оқушы саны: 12 тәрбиеленуші. Жоғары деңгейдегі балалар үлесі -67%, орташа деңгейдегі балалар үлесі-25 %, төменгі деңгейдегі балалар үлесі-8% құрады. Нәтижесі: Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдерін мәнерлеп оқу Республикалық шығармашылық байқауына «Мәнерлеп оқу» номинациясы бойынша қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін Әлімхан Алмат I дәрежелі дипломмен марапатталды.

2024-2025 оқу жылында даму мониторингінің (бастапқы) нәтижесі бойынша мониторингке қатысқан оқушы саны: 29 оқушы. Жоғары деңгейдегі балалар үлесі -20%, орташа деңгейдегі балалар үлесі-50%, төменгі деңгейдегі балалар үлесі-30 % құрады. Нәтижесі:Республикалық «Абай оқулары» конкурсына қатысып, I орын иеленгені үшін Исмаил Нұржігіт, Өріс Айкөркем, Өріс Айсұлтан, Урис Ерасыл марапатталды. Сонымен қатар, «Бояулар құпиясы» атты байқауында өз шығармашылық қабілетін шыңдап, ерекше өнерін көрсетіп бас жүлдені алғаны үшін Тоғайбай Айару марапатталса, I дәрежелі дипломмен Мешітбай Әбу Насыр, Нұрлан Айкын, Урис Ерасыл марапатталды.Республикалық «Мақатаев оқулары» конкурсында III орын алғаны үшін Исмаил Нұржігіт марапатталды.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы:

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау:

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау:**мектепалды сынып ата-аналары**

Балалардың ата – аналары немесе заңды өкілдерінің сауалнамаларының нәтижелеріне зерттеу жүргізілді. Сауалнама ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталған. Сауалнама 2025 жылдың 3 наурызда өткізілді. Мектепалды сыныптарда барлығы 26 ата – ана, қатысқаны 26 (100%). Сауалнаманы өз қолдарымен толтырды, ата – аналардың жауаптары бойынша толтыру барысында ата – аналарға білім беру ұйымының өкілдері тарапынан қысым көрсетілмегені анықталды.

Сауалнамаға барлығы 26 ата-ана қатысты. Сауалнама 18 сұрақтан құралған.Ата-аналар сауалнамаға шынайы, жауапкершілік танытып, жауаптарын белгілеп берді.

Сауалнамада берілген бірінші сұрақ бойынша **«Менің балам мектепке қуана барады»:** толық келісемін - 77%, келісемін - 23%, яғни мектептің ата-аналары балаларының мектепке қуана баратынын көрсетті.

Сауалнамада берілген екінші сұрақ бойынша **«Сыныпта қолайлы атмосфера бар»:** Ата-аналардың 81% толық келіседі, келісемін - 19%, мектеп ата-аналарының барлығы мектепте баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфераның барына қанағаттанатындықтары анықталды.

Сауалнамада берілген үшінші сұрақ бойынша:**«Мектеп сапалы білім береді»** Ата-аналардың 81% - толық келіседі, 19 % - келіседі, яғни мектептің қызметіне қанағаттанатыны анықталды.

Сауалнамада берілген төртінші сұрақ бойынша: **«Оқу пәндері менің балама оңай беріледі»:**Ата-аналардың 69% толық келіседі,31% келіседі, яғни ата-аналардың оқу-пәндері балаларына оңай берілетініне қанағаттанатыны анықталды.

Сауалнамада берілген бесінші сұрақ бойынша **«Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды»**: Ата-аналардың 69% толық келіседі, келісемін 31%, яғни ата-аналардың мұғалімдердің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайтындығына келіскені анықталды.

Сауалнамада берілген алтыншы сұрақ бойынша **«Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді»** Ата-аналардың 77%-ы толық келіседі, 23%-ы келіседі, яғни мектеп ата-аналарының басым көпшілігіне баласының оқу сабақтары мен үй тапсырмалары шамадан тыс жүктелмейтіндігі анықталды.

Сауалнамада берілген жетінші сұрақ бойынша **«Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды»**: Ата-аналардың 69%-ы толық келіседі, 31%-ы келіседі, яғни мектеп ата-аналары мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал ететіндігімен келісетіні анықталды.

Сауалнамада берілген сегізінші сұрақ бойынша **«Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын»**: Ата-аналардың 65% толық келіседі, 35%, яғни ата-аналардан баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанатыны анықталды.

Сауалнамада берілген тоғызыншы сұрақ бойынша **«Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын»**: Ата-аналардың 73% толық келіседі, 23% келіседі, яғни мектеп ата-аналарының басым көпшілігі мектептегі сабақтан тыс бағдарламаға қанағаттанатынын көрсетті.

Сауалнамада берілген оныншы сұрақ бойынша **«Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын»**: Ата-аналардың 88% толық келіседі, 12% келіседі, яғни мектеп ата-аналары сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанатыны анықталды.

Сауалнамада берілген он бірінші сұрақ бойынша **«Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі»**: Ата-аналардың 65% толық келіседі, 35% келіседі, яғни мектеп ата-аналарының басым көпшілігі мектептегі бала үшін пайдалы және қызықты іс-шараларды ұйымдастыруға қуана қатысатыны анықталды.

Сауалнамада берілген он екінші сұрақ бойынша **«Мен мектеп асханасы /буфет жұмысымен қанағаттанамын»**: Ата-аналардың 58% толық келіседі, 42% келіседі, яғни мектеп ата-аналарының мектеп асханасының қызметіне толық қанағаттанатыны анықталды.

Сауалнамада берілген он үшінші сұрақ бойынша **«Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды»**: Ата-аналардың 58% толық келіседі, 42% келіседі, яғни мектеп ата-аналары педагогтардың педагогикалық этика нормаларын сақтайтынына қанағаттанатыны анықталды.

Сауалнамада берілген он төртінші сұрақ бойынша **«Менің балам мектепте қауіпсіз»**:Ата-аналардың 73% толық келіседі, 27% келіседі, яғни мектеп ата-аналары баласының мектепте қауіпсіз екеніне келісетіндігі анықталды.

Сауалнамада берілген он бесінші сұрақ бойынша **«Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды»**: Ата-аналардың 73% толық келіседі 23%, яғни мектеп ата-аналары балаларының денсаулығына қамқорлық жасайтындығына сенетіндігі анықталды.

Сауалнамада берілген он алтыншы сұрақ бойынша **«Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын»**:Ата-аналардың 69% толық келіседі, 31% келіседі, яғни мектеп ата-аналары мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанатыны анықталды.

Сауалнамада берілген он жетінші сұрақ бойынша **«Мектеп өміріне қатысуға ниет бар»**:Ата-аналардың 62% толық келіседі, 38% келіседі, яғни мектеп ата-аналары мектеп өміріне қатысуға ниеттері бар екені анықталды.

Сауалнамада берілген он сегізінші сұрақ бойынша **«Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңізкелсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз»**:Ата-аналардың 73% толық келіседі, 15% келіседі, 4% толық келіспейді, 8% келіспейді яғни мектеп ата-аналары жауаптары бойынша түсінік,ұсыныс,шағымдар көрсеткен жоқ.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау: Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектебінің тәрбиешілерінен сауалнама нәтижесіне зерттеу жүргізілді. Сауалнама 2025 жылдың 3 наурызында өткізілді. Мектепалды сыныбында 2 – тәрбиеші, қатысқаны 2 (100%). Тәрбиешілер толтырған сауалнамалардың түп нұсқалары алынып, талдау жасалды. Сауалнаманы өз қолымен толтырды, сауалнаманы толтыру барысында тәрбиешілерге білім беру ұйымының өкілдері тарапынан қысым көрсетілмегені анықталды.

Сауалнамада берілген бірінші сұрақ бойынша **«Мен мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын»**: толық келісемін –2.

Тәрбиешінің 100 %- ы толық келіседі.

Сауалнамада берілген екінші сұрақ бойынша **«Мен тиімді әдістемелік көмек аламын»**:толық келісемін – 2, 100% -ы келіседі

Сауалнамада берілген үшінші сұрақ бойынша **«Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын»** толық келісемін -1, келісемін -1, 100% келіседі.

Сауалнамада берілген төртінші сұрақ бойынша: **«Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын»** толық келісемін – 2, 100 % - толық келіседі.

Сауалнамада берілген бесінші сұрақ бойынша **«Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді»**: толық келісемін –2, 100% толық келіседі.

Сауалнамада берілген алтыншы сұрақ бойынша **«Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын»**: толық келісемін – 2, 100%-ы толық келіседі

Сауалнамада берілген жетінші сұрақ бойынша **«Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар»** : толық келісемін – 2, 100 % -ы толық келіседі,

Сауалнамада берілген сегізінші сұрақ бойынша **«Мен мектептігі тамақтану сапасына қанағаттанамын»**: толық келісемін – 1, келісемін -1, 100% -ы келіседі.

Сауалнамада берілген тоғызыншы сұрақ бойынша **«Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын»** толық келісемін -2, 100% -ы келіседі..

Сауалнамада берілген оныншы сұрақ бойынша **«Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды»** толық келісемін – 2, 100 % -ы келіседі.

Сауалнамада берілген он бірінші сұрақ бойынша **«Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған»**: толық келісемін –2, 100% ы толық келіседі.

Сауалнамада берілген он екінші сұрақ бойынша **«Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген»**: толық келісемін – 1, келісемін -1, 100 % -ы келіседі.

Сауалнамада берілген он үшінші сұрақ бойынша **«Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады»**: келісемін – 2, 100% -ы келіседі

Сауалнамада берілген он төртінші сұрақ бойынша **«Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын»**: келісемін – 2, 100% - ы келіседі.

Сауалнамада берілген он бесінші сұрақ бойынша **«Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба»**: толық келісемін –2, 100 % ы келіседі.

Сауалнамада берілген он алтыншы сұрақ бойынша **«Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз»**: келіспеймін – 2, 100 % -ы келіспейді, яғни тәрбиешінің жауаптары бойынша түсінік,ұсыныс,шағымдар көрсеткен жоқ.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін пайдаланылатын сауалнама қорытындысы Орта білім беру ұйымдары оқушыларының ата-аналары үшін (Мектепалды сынып)

№	Сұрақтар	Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	26	77%	23%		
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар		81%	19%		
3	Мектеп сапалы білім береді		81%	19%		
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі		69%	31%		
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды		69%	31%		
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді		77%	23%		
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды		69%	31%		
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын		65%	35%		
9	Мен мектептегі сабақта тыс жұмыс бағдарламасына ризамын		73%	27%		

10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысын қанағаттанамын	88%	12%		
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	65%	35%		
12	Мен мектеп асханасы/буфет жұмысымен қанағаттанамын	58%	42%		
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	58%	42%		
14	Менің балам мектепте Қауіпсіз	73%	27%		
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	73%	27%		
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысын қанағаттанамын	69%	31%		
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	62%	38%		
18	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	73%	15%	8%	4%

Қорытынды: Ата-аналар сауалнаманы 100% өз қолдарымен толтырғандары және сауалнама толтыру кезінде білім беру ұйымының өкілдері тарапынан

қысым көрсетілмегендігі анықталды. Ата-аналардың сауалнамаға берген жауаптарынан ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттанатындығы анықталды.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін пайдаланылатын сауалнама қорытындысы Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін Мектепалды сынып білім алушыларының тәрбиешілерінен алынған сауалнама қорытындысы

№	Сұрақтар	Сауалнамаға қатысқан оқушылар сан	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	2	100%			
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын		100%			
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын		50%	50%		
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын		100%			
5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді		100%			
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын		100%			
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар		100%			
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын		50%	50%		
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын		100%			
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп		100%			

	барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды					
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	100%				
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	50%	50%			
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	100%				
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	100%				
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?	100%				
16	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз			100%		

Қорытынды: Сауалнамаға барлығы 2 тәрбиеші қатысты. Сауалнама 16 сұрақтан құралған. Тәрбиешілер сауалнамаға шынайы, жауапкершілік танытып, жауаптарын белгілеп берді. Сауалнаманы 100% өз қолдарымен толтырғандары және сауалнама толтыру кезінде білім беру ұйымының өкілдері тарапынан қысым көрсетілмегендігі анықталды. Тәрбиешілердің сауалнамаға берген жауаптарынан ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттанатыны анықталды.

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:

Мектепалды сыныбында оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік, дидактикалық материалдармен толықтыруды қажет етеді.

Оқу іс-әрекет барысын ұйымдастыруда баланың дамуына тың мүмкіндіктер жасауды қажет етеді.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен ынтымақтастық ортасын нығайту, байланысты күшейту қажет етеді.

Тәрбиеленушілерді зияткерлік ойындарға, байқауларға, тәрбиелік іс-шараларға көбірек қатыстыру қажет.

10. Қорытындылар мен ұсыныстар:

Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектебінің оқу – тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті – басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді. Мектепалды сынып педагогтары өткізілетін ойын іс-әрекетінде, семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестерге қатысып, өз құзыреттіліктерін көтереді, өзіндік білім көтеру үрдісінде бейімделген бағдарламалар мен қосымша білім беру бағдарламаларын қолданады. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. Мектепте психологиялық және эмоционалдық жағдайды жақсарту, денсаулықтарын нығайту мақсатында көптеген жұмыстарды ұйымдастырылады. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Мектепалды сыныптарының тәрбие-оқу жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік материалдық базасы жеткілікті жабдықталған.

Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Педагогтар жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім береді. Ата-аналардың мектепалды сынып өміріндегі алатын орны ерекше, педагогтардың беделіне және оқыту тәжірибесіне ата-аналардың қызығушылығы мен көзқарасы артты. Мектепалды сынып педагогтары ата-аналармен үнемі байланыс орнатып отырады.

Мектепалды сыныптарын басқару мен балалардың қорытынды нәтижелеріне ата-аналардың көңілі толады. Мектепалды сынып мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеумен оқытуды мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті. Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсынымдар енгізілді:

МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әр бір білім беру дағдысы және әрбір ұйымдастырылған ойын іс әрекеті бойынша жас ерекшеліктері бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылармен құзыреттіліктердің көлемін игеру. Ұйымдастырылған

іс-әрекет барысын ұйымдастыруда тәрбиеші жаңа технологияларды пайдалану, баланың дамуына тың мүмкіндіктер жасау. Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысуды ұйымдастыру, тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізіп, жоспар жасау. Өз білімін көтеру және шығармашылық жұмыстарын жүйелеу.

Комиссия төрағасы, мектеп директоры:  **І.Қ.Назарбеков**


Комиссия мүшелері:

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:  **А.Бакирова**

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  **Г.Шотаева**

3. Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары:  **К.Устемиров**

4. Директордың құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары:  **З.Кулдыбаева**

5. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары:  **Б.Айтқұлов**

6. Мектепалды сынып тәрбиешісі:  **Г.Шабденқызы**